

## 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

<b>Бөлімше</b>	Тыңдалым және айтылым
<b>Оқу мақсаты</b>	2.1.2.1 Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау 2.1.3.1 Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>• Тақырып пен тірек сөздерге сүйеніп, мәтіннің мазмұнын болжайды</li><li>• Тақырып бойынша диалогке қатысады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты** 20 минут

**1.** Берілген тақырып пен тірек сөздерді мұқият тыңда.

**Бұл мәтінде не туралы айтылуы мүмкін? Мәтіннің мазмұнын болжа және ойыңды дәлелде.**

**Тақырып:** Кітапханада

**Тірек сөздер:** мектеп кітапханасы, кітапханашы, қарсы алу, спорт туралы, кітап, іздеу, көмек, қуаныш.

### 2. Жұптық жұмыс.

Сурет пен тірек сөздерді қолдана отырып, кітапханашы мен оқушының рөлінде сұхбаттас.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Тақырып пен тірек сөздерге сүйеніп, мәтіннің мазмұнын болжайды	1	тақырып пен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды;	1
		жасаған болжамын негіздейді;	1
Тақырып бойынша диалогке қатысады	2	берілген тақырыпқа сәйкес диалог құрастырады;	1
		тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		өз рөлін сақтай отырып, сұхбаттасына сұрақ қояды	1
		сұхбаттасының сұрағына лайықты жауап береді;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды, сөйлеу мәдениетін сақтайды.	1
<b>Барлығы</b>			<b>7</b>

**«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні:** \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Тақырып пен тірек сөздерге сүйеніп, мәтіннің мазмұнын болжайды	1	Берілген тақырып пен тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Берілген тақырып пен тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды, бірақ жасаған болжамын негіздеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Берілген тақырып пен тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжап айтады және жасаған болжамын негіздейді. <input type="checkbox"/>
Тақырып бойынша диалогке қатысады	2	Берілген тақырып бойынша диалогке түсуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Берілген тақырып бойынша диалог құрастырады, тірек сөздерді қолдануда/тілдік нормаларды сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Берілген тақырып бойынша диалогке қатысады. <input type="checkbox"/>

